

ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ

2016 жылы 1709 білім беру іс-шаралары өткізілді. Оның ішінде азаматтық ұстаным және рухани-адамгершілік тәрбие бағыты бойынша 534 іс-шара, құқықтық тәрбие беру бойынша 230 іс-шара, эстетикалық мәдениетті қалыптастыру бойынша 433 іс-шара, дене шынықтыру және студенттердің салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша 215 іс-шара, еңбек тәрбиесі бойынша 297 іс-шара өткізілді. Факультеттер мен университетте өткізілетін іс-шараларға барлық курс студенттерінің 90% -ға жуығы тартылды.

Болашақ мамандарды рухани-адамгершілік мәдениетке тәрбиелеу бағыты бойынша ең ауқымды шаралар:

- 22-наурыз мерекесі шаралары ұлттық ойындарды, салт-дәстүрлер мен жоралғылар, ұлттық нақыштағы істерді насихаттау мазмұнын қамти ұйымдастырылды.

- 1 мамыр Қазақстан халқының бірлігі күнін атап өту университет деңгейінде өзге ұлт өкілдерінің мәдениеті мен ерекшеліктерін, достығы мен бірлігін көрсететін дәстүрлі шараларды қамтыды.

- 9-мамыр Жеңіс күні Ұлы Отан соғысы қатысушылармен кездесуден басталып, ардагерлердің соғыс жылдарындағы есткеліктері туралы дөңгелек үстелдер, қайырымдылық акциялары, салтанатты шаралар ұйымдастыру жүзеге асырылды.

- Қазақстан Республикасының Рәміздер мерекесіне салтанатты авто шеруі өткізілді.

- «Қазақстан әркімнің жүрегінде» атты рәміздер күніне орай интернет эстафетасы өткізілді.

- Қ.Жұбановтың өмір жолы мен ғылыми қызметін таныстыру мақсатында дәстүрлі «Жұбановтану» дәрісі өткізілді.

- ҚР Тәуелсіздігі мерекесіне бағытталған «Жырласа жастар жырласын» атты жас ақындар және ғалымдар ғылыми жобалары сайыстары ұйымдастырылды.

Тәрбие беру үдерісінде жастардың азаматтық позиция мен саяси-құқықтық мәдениетін қалыптастыру маңызды орын алады. Бұл шаралар мазмұны төмендегі жұмыстар арқылы жүзеге асырылды:

- Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың жылсайынғы Қазақстан халқына жолдауын талқылау мақсатында «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты дөңгелек үстел, «5 индустриалдық реформа», «100 нақты қадам» мемлекеттік бағдарламалары мен «Қазақстан - 2050: Барлық Қазақстандықтардың өркендеуі, қауіпсіздігі және жағдайларының жақсаруы» стратегиялық дамуын насихаттау және жүзеге асыру мақсатында түсіндірме жұмыстары, «Рухани жаңғыру- қазақстандық бірегейлік негізі» мақаласын талқылау жұмыстары жүргізілді.

- «Нұр Отан» партиясының өкілдері, облыс және қала маслихаты депутаттары, Жастар саясаты басқармасының өкілдері, Ішкі саясат басқармасы, Тіл және мәдени дамыту басқармасы, Ақтөбе облысының Дін

мәселелері жөніндегі департамент, ғылыми және мәдени қайраткерлерімен кездесу

- Достық үйінде ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты халқына Жолдауын насихаттау мақсатында ҚР дін істері және азаматтық қоғам вице-министрі Нүркенов Абзал Нүркенұлымен кездесу өтті.

- «Діни экстремизмнің алдын алу шаралары» тақырыбында Қазақстан мұсылмандар діни басқармасының Ақтөбе филиалындағы жастар ісі жөніндегі маман Туреханов Асылхан Нұртайұлымен кездесу өткізілді. Асылхан Нұртайұлы діни ағымдар және олардың жастарға ықпалы туралы сөз қозғады.

- Ақтөбе облыстық «Аңсар» ақпараттық-талдау орталығының талдау және мониторинг бөлімінің басшысы Разаков Нұрмұхаммет Шәмшіұлы кездесу өткізілді. «Дін және салт – дәстүр» атты дөңгелек үстел өткізілді.

- Ақтөбе облыстық Дін істері басқармасы «Аңсар» АТО басшысы Сүлейменов Жандаулет, Оңтүстік Қазақстан Облысы дін істері басқармасы «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» МКМ бөлім басшысы, дінтанушы Оспанов Дәлелхан Қоңырбайұлы кездесу ұйымдастырылды.

- «Жастар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу шаралары» атты ПД өкілі Құрманбекова Ләйлә Беркінқызымен кездесу өтті.

Студенттер арасында құқықтық мәдениетке тәрбиелеуді жүзеге асыру үшін «Құқықтық білім мектебі», құрылған. Аталған клубтар студенттердің құқықтық сауаттылығын және құқықтық мәдениетін арттыру, құқық бұзушылықты болдырмау саясатымен жыл бойы айналасады. Факультеттерде «Болашақ жастардың қолында», «Сенің құқықтарың мен міндеттерің» тақырыптары бойынша дөңгелек үстелдер, студенттердің әлеуметтік құқықтарын қамтамасыз ету проблемалары бойынша заңгерлермен кездесу және «Ақтөбе университеті» газетінің құқықтану айдары жаңа оқу жылының басында ұйымдастырылды. Бұл орайда жыл сайын студенттерге «Өз құқығыңды қорғай біл», «Қылмысқа қарсы күрес саласындағы мемлекеттік саясат», «Жастар және құқық», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саясаты», «Нашақорлық, маскүнемдік және олардың салдары және олармен күресу жолдары» атты дәрістер өткізілді.

Эстетикалық мәдениетті қалыптастыру, жастарды жан-жақты дамытуға, олардың шығармашылық қабілеттерін арттыруға, жеке тұлға ретінде өзін-өзі дамытуы тәрбие процесінің басты бағыты болып табылады. Осы міндеттерді жүзеге асыру үшін университетте студенттердің бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында қызығушылығы бойынша клубтар мен көркем шығармашылық үйірмелер жұмыс жасайды.

Студенттік ректорат студенттік өзін-өзі басқару ұйымы 666 студенттен тұрады. 26 – студенттік ректорат мүшесі, 80 студент - әр факультеттегі студенттік өзін-өзі басқару ұйымының мүшелері.

Студенттік реторат «Жас Отан» ЖҚ университеттік бөлімшесі, «Ритор» зияткерлік пікірсайыс клубы, «Заман біздікі» интеллектуалды элиталар одағы, «Университет КВН лигасы» жастар қозғалысы, «Қыз парасаты» клубы,

«Таразы» жас ақындар бірлестігі, 2 студенттік жатақханалар кеңесі, «Кемал» студенттік театры, «Серпін» әлеуметтік жобасы, «Үмітің үзілмесін» еріктілер тобы, «Атамекен» шабы сияқты университеттің барлық жастар ұйымдарының жұмысын үйлестіруді жүзеге асырады.

Студенттік ректораттың 2 өкілі Ғылыми кеңестің тұрақты мүшесі болып табылады.

2016-2017 оқу жылдың 23-24 ақпанында оқу озаттары, ғылыми конференциялар мен олимпиадалар жеңімпаздары болып табылатын университеттің 20 студенті «Әлемді өзгертетін идеялар» «Қазақстан жолы: Мәңгілік ел» атты Ұлт көшбасшысы кітапханасындағы семинар-тренинг бағдарламасына қатысты.

Университеттің жастар ұйымдарының тиімділігі түрлі конкурстардағы жеңістерімен белгіленген:

- Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығын мерекелеу аясында "Жастар - Отанға!" Республикалық байқауында университетіміздің "Жас Отан" ЖҚ-ның бөлімшесі «Ең үздік имидждік жоба» номинациясына ие болды;
- Студенттік ректорат ұйымының мүшелері «Кемел кәсіпкер» бизнес-кейстің шешімін табу чемпионатына қатысып 2 орын иеленіп, кәсіпкерлік-лагерьге жолдама алды.
- Бертлюев Адельбек, Нуржанов Алимжан, Баянбаев Қуаныш, Мурзагулов Ерхан, Самбаева Әсем Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі мен мәслихаттары депутаттарының сайлауында «Нұр Отан» партиясының сайлау науқанына белсене қатысқаны үшін Елбасы, «Нұр Отан» партиясының Төрағасы Н.Назарбаев атынан алғыс хат алды;
- Есенжолва Актілек Республикалық Дельфий ойындарының 3 орын иегері;
- Убайдоллаев Аділхан Республикалық XXVII Евразиялық студенттік «На Николаевской» фестивалінің 1 орын иегері;
- Уразалин Азат, Жакипова Аршат Ақтөбе облыс әкімі Б.Сапарбаевтың кубогына арналған облыстық пікірсайыс турнирінде Феникс фракциясы Гран при иеленді;
- Яхия Досбол «Жыл спикері»;

Күндізгі бөлім студенттерінің 50%-дан астамы қызығушылықтарына байланысты спорттық секциялар, үйірмелер мен клубтарға қатысады.

Университетте студенттердің қызығушылықтарына байланысты бірнеше клубтар бар: «Ритор» зияткерлік пікірсайыс клубы, «Заман біздікі» интеллектуалды элиталар одағы, университетті қалалық, республикалық фестивальдар мен ойындарда ұсынатын «Филландия», «Фром Тех», «Глюкоза», «Біздің нұсқа» КВН командасы, студенттік ғылыми қоғамы (СҒК), «Жұбанов Шаһары» студенттік театры, «Гүлнәр» би ансамблі, «Таразы» жас ақындар бірлестігі, домбыра оркестрі.

Дебат клубтарының өкілдері жыл сайын қалалық, аймақтық, республикалық турнирлерге қатысып, жүлделі орындарға ие болады:

- «Заман біздікі» интеллектуалды элиталар одағы Қазақстан Республикасының Тәлеусіздігінің 25 жылдық мерей тойына орай облыстық пікірсайыста "ҮЗДІК СПИКЕР"; Орал қаласындағы III Республикалық турнирде ұшқыр ойларымен ерекшеленіп жүлделі 2 орынды, Атырау облысының ұйымдастырған «ASU CUP» аймақтық турнирінде 1 орын, Қосатанай қаласы. «Жаңа заманда қайта жаңғырған қазақ елі, Мәңгілік ел болу мұраты» Республикалық турнирде 3 орын, Ақтөбе облысы әкімі Б.М.Сапарбаевтың кубогі «Қазақстандық бірегейлік пен бірлікті нығайту және дамыту» пікірсайыс турнирі 1 орын иеленген.
- «Ритор» зияткерлік пікірсайыс клубы Орал қаласы, III Республикалық пікірсайыс турнирінде 3 орын; III Республикалық пікірсайыс турнирі аясында Teambuilding «Uralsk city» шарасы 2 орын.

Университетіміздің "Фемида" КВН командасы Ақтөбе ашық лигасы және Республикалық Республикалық Премьер лига чемпионы, телевизиялық жобалардың жолдама иегерлері. Қазіргі таңда «Фемида» КВН командасы Ақтөбе облысы әкімінің құрама командасы боп тағайындалды. «Филландия», «Фром Тех», «Глюкоза», «Біздің нұсқа» КВН командалары Республикалық орталық Лига сайыстарының жолдама иегерлері

- «Филландия» КВН командасы Облыстық Премьер лига ойындарының чемпионы.
- «Біздің нұсқа» КВН командасы Ақтөбе облыстық жайдарман ойыны – Премьер лигасының 2 орын иегері.

Басқа қаладан келген студенттерді орналастыру үшін университетте 2 жатақхана бар. Жатақханада студенттердің жайлы тұруы үшін барлық жағдайлар жасалған: душ кабинасы, электр плита және тоңазытқышы бар тұрмыстық бөлме, жаттығу залы, WI-FI желісімен компьютерлік зал, теледидар қойылған демалыс бөлмесі бар. Университеттің тәрбие жұмысы бөлімінің мамандары студенттік кеңеспен бірлесіп күнделікті студенттердің әлеуметтік жағдайларын бақылап отырады.

Университеттің жатақханалар туралы ережесіне сәйкес, жетімдер жатақханаларда тегін негізде жатады, «Серпін» әлеуметтік жобасымен келген студенттер алғашқылардың бірі болып жатақханаға орналастырылады.

Күндізгі бөлімнің 90% астам студенті қатысқан дене шынықтыру және студенттердің салауатты өмір салтын қалыптастыру бағыты бойынша 215 іс-шара жүргізілді. Дене шынықтыру және студенттердің салауатты өмір салтын қалыптастыру шараларын іске асыруда университеттің үздік спорт базаларымен қамтылуы мақтанарлық көрсеткіш. Олар бір мезгілде күрес, атлетикалық гимнастика, ату және үстел теннисі т.б. спорттық ойындармен айналысатын сыйымдылығы 1200 орындық қамтылған спорт кешені; жалпы ауданы 7420 шаршы көлемді құрайтын 3 спорт ойын залы; нысаналы көздеу тирі; ұзындығы 25 метрлік жүзу бассейні; шаңғы базасы. Спорт залдары спорттық ғимараттарды жобалау талаптарына сәйкес жасақталған.

Ең маңызды іс-шаралар: - 28-ші Қысқы Универсиада, университетіміздің 3 курс студенті Сизова Мария Сергеевна қатысты.

Спорт түрлері бойынша ҚР ұлттық командаларының спорт резервтерін дайындау үшін спорт клубтарының жұмыстары ұйымдастырылды. Спорт түрлері бойынша құрама командалар қалалық, аймақтық, республикалық және халықаралық жарыстарға, Азия және Әлем чемпионаттарына қатысты. Университет оқытушыларда қалалық, аймақтық, республикалық жарыстардың жеңімпаздары. Атап айтатын болсақ:

- Сизова Мария Сергеевна – 28-ші Қысқы Универсиада қатысушысы, коньки тебуден жеке қашықтықтар бойынша Қазақстан Республикасының Кубогының – 3 кезеңінде әйелдер арасында 1500 м қашықтықта 2.07.41 нәтижемен III орын, Қазақстан Республикасының Кубогының – 3 кезеңінде әйелдер арасында 1000 м қашықтықта 1.23.19 нәтижемен III орын, Қазақстан Республикасының Кубогының – 3 кезеңінде әйелдер арасында 3000 м қашықтықта II орын иегері;

- Қойшыбаев Еламан – Семей қаласында өткен Дзю-додан Қазақстан Чемпионатының 1 орын иегері;

- Айымбетов Абат – футболдан Қазақстан құрама командасының мүшесі;

- Атаниязов Бауыржан – Молдова Республикасында өткен Таэквон-додан ГТФ бағыты бойынша 2 орын иегері.

АӨМУ сайты Ережесіне сәйкес университеттің ағымдағы веб-сайты (Arsu.kz) мен «Ақтөбе университеті» газеті жұмыс жасайды. Онда күнделікті ақпараттық қызметтер және алдағы іс-шаралар туралы ақпараттар жарияланады.

Университетте «ARSU TIMES» радио бекеті жұмыс жасады. Сонымен қатар әлеуметтік желіге ақпараттар салып отырды.

«Arsu_official» (инстаграм) әлеуметтік желісінде университеттің оқырмандар саны 9200-ге артты. Факультеттердің әлеуметтік желіде (Facebook, Instagram, Vkontakte, YouTube) өздерінің акаунттары бар.

**2016 жылға арналған Стратегиялық даму жоспарын
іске асыру тиімділігі Индикаторларын орындау**

№	Көрсеткіш	өлш. бір.	2016 жосп.	факт 2016	ескерту
Білім беру қызметі табысының көрсеткіштері					
1	Жастар қоғамдық бірлестігі қатысушыларының үлесі	%	85		
	Студенттік ректорат	кол-во	666	666	
	«Нұр Отан» партиясының «Жас Отан» ЖҚ		800	800	
2	Жастар саясаты және патриоттық тәрбие саласындағылардың жалпы санынан іс-шараларға белсенді қатысатын студенттер үлесі	%	90	90	
3	Бос уақыттағы іс-шараларға қатысатын студенттердің үлесі	%	80	80	
4	Спорттық-бұқаралық жұмысқа қамтылған студенттер үлесі	%	75	75	
5	Күндізгі оқу бөлімінде оқитындардың жалпы санынан спорттық секцияларға қатысатын студенттердің үлесі	%	50	50	
6	Шығармашылық бірлестіктерде, Көркемөнерпаздар ұйымдарында шұғылданатын студенттердің үлесі	%	65	65	
7	«Жасыл ел» отрядының мүшелері және студенттік құрылыс отрядтарына қатысушылар саны	кол-во	280	280	
8	Діни конфессия өкілдерімен кездесулер	%	20	20	
9	Жатақханаға мұқтаж, күндізгі бөлімдегі, басқа қаладан келген студенттердің жалпы санынан жатақханамен қамтылған студенттердің үлесі	%	50	50	